

«СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ «ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ
«МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АТЫНДАҒЫ
ІТ-МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ІТ –ШКОЛА-ЛИЦЕЙ ИМЕНИ МАҒЖАНА
ЖУМАБАЕВА» КОММУНАЛЬНОГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ
«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА
ПЕТРОПАВЛОВСКА» КОММУНАЛЬНОГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ
«УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ
28.11.2023 г.
Петропавл қаласы

ПРИКАЗ
№203
город Петропавловск

**М.Жұмабаев атындағы
ІТ-мектеп-лицейде күзгі-қысқы
кезенде сабақты тоқтату туралы**

Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңының 55 бабы 2 тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 48 бабы, 1 тармағына, ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 18 қаңтардағы №42 бұйрығымен бекітілген «Қолайсыз ауа райы метеожағдайларында орта білім беру ұйымдарында, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында сабақтарды тоқтату» қағидаларының 3 тармағына сәйкес, оқу жылының күзгі-қысқы кезеңде қолайсыз ауа-райы жағдайында оқушылардың қауіпсіздігін және денсаулығын сақтау мақсатында,

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мағжан Жұмабаев атындағы ІТ-мектеп-лицейде географиялық, климаттық жағдайларына сәйкес, сондай-ақ желдің жылдамдығын ескере отырып, келесі температуралық шектерде сабақты тоқтату немесе/ қашықтан оқыту режиміне ауыстыру үшін білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере ала отырып, білім беру ұйымдарында сабақтар тоқтатылатын немесе/қашықтан оқыту режиміне ауысатын қолайсыз ауа-райы метеожағдайларын ұсынатын көрсеткіштері бекітсін:

- тәрбиеленушілер мен 0-4 сынып оқушылары үшін -25°C мен одан төмен желдің жылдамдығы 2 метр секундта (әрі қарай м/с) және одан көп;
- тәрбиеленушілер мен 0-9 сынып оқушылары үшін -27°C мен одан төмен желдің жылдамдығы 2 метр секундта (әрі қарай м/с) және одан көп;
- тәрбиеленушілер мен 0-11 сынып оқушылары үшін -30°C мен одан төмен желдің жылдамдығы 2 метр секундта (әрі қарай м/с) және одан көп.
Желдің жылдамдығы 2 м/с және одан жоғары температураға шейін -5°C артатын болса.

2. Осы бұйрық оқушылардың ата-аналарына жеткізілсін және Мағжан Жұмабаев атындағы ІТ-мектеп-лицей сайтына орналастырылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау ОТІ жөніндегі директордың орынбасарлары Ж.И. Жамулдиноваға, Т.И. Ярышеваға, А.А. Баязитоваға, М.И. Бектемировка жүктелсін.

Директор



Б.Ж.Касенова

Бұйрықпен танысты:
Ж.И.Жамулдинова
Т.И.Ярышева
А.А.Баязитова
М.И.Бектемиров